

## Прокуратура органдары қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандырудың кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы N 135 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 9 желтоқсандағы N 430-Ө Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 28 желтоқсанда № 7352 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 34 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 109-Ө бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Бас прокурорының 04.04.2014 № 34 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 20.03.2014 № 109-Ө бірлескен бұйрығымен.**

«Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 3-тармағына, 67, 84-баптарына, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 66-бабы 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 ақпандағы № 138 қаулысымен бекітілген Кеден органдарын қоспағанда, әскери қызметшілерге, құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар мен сыныптық шендер берілген қызметкерлеріне сондай-ақ әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау мен төлеуді жүзеге асыру ережесінің 3 және 4-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындауға қажетті қызмет өткергенін және ақшалай үлесінің мөлшерін растайтын құжаттардың қоса беріліп отырған тізбесі бекітілсін.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті (Ә.Қ. Мақанова) заңнамалық тәртіпте белгіленген осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық орындалу үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық органдарына, «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» РМҚК-ге, Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетіне, облыстық және оларға теңестірілген прокурорларға, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы С. Есқараев атындағы прокуратура органдары кадрларының біліктілігін арттыру, заңдылық және құқық мәселелерін зерттеу институтына жолдансын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Ә.Ахметовке және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары И.Д.Меркельге жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры

\_\_\_\_\_ А. Дауылбаев

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі

\_\_\_\_\_ Г. Әбдіқалықова

Қазақстан			Республикасы
Бас			Прокурорының
2011	жылғы	9	желтоқсандағы
№		1 3 5	және
Қазақстан			Республикасы
Еңбек		және	халықты
әлеуметтік		қорғау	министрінің
2011	жылғы	9	желтоқсандағы
№	430-Ө	бірлескен	бұйрығына

қосымша

### **Прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындауға қажетті қызмет өткергенін және ақшалай үлесінің мөлшерін растайтын құжаттар тізбесі**

Прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындауға қажетті қызмет өткергенін және ақшалай үлесінің мөлшерін растайтын құжаттар тізбесіне:

1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша прокуратура органдарының елтаңбалық

мәрімен куәландырылған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетке шығуға стаж белгілеу бойынша прокуратура органдары комиссиясының қорытындысы;  
прокуратура органдарының елтаңбалық мәрімен куәландырылған қызметтік т і з і м і ;

прокуратура органдарының елтаңбалық мәрімен куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі;

әскери билетінің көшірмесі;

2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшалай үлесі төленген күні көрсетілген ақшалай үлесінің мөлшері туралы анықтама;

қызметтен босатылған күні және босатылу себебі туралы бұйрықтың көшірмесі кіреді.

Прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындауға қажетті қызмет өткергенін және ақшалай үлесінің мөлшерін растайтын құжаттар тізбесіне

1 қосымша

нысан

## **Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетке шығуға стаж белгілеу жөніндегі Қазақстан Республикасы прокуратура органы комиссиясының қорытындысы**

Астана қаласы 20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_ 19 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Сыныптық шені: \_\_\_\_\_

ҚР прокуратура органының 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ бұйрығымен 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ себепке байланысты ж ұ м ы с т а н б о с а т ы л д ы .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы № 803 қаулысыменбекітілген Әскери қызметшілерге, құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдарын есептеудің ережесіне сәйкес жеке ісінің материалдарын тексеріп, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетке шығуға құқық беретін стажын белгілейді.

Еңбек сіңірген жылдары жұмыстан босатылған күнге:  
күнтізбелік есептеуде \_\_ жыл \_\_ ай \_\_ күнді,  
жеңілдікпен есептеуде \_\_ жыл \_\_ ай \_\_ күнді,

01.01.1998 жылға еңбек сіңірген жылдарына \_\_ жыл \_\_ ай \_\_ күнді құрайды.

Еңбек стажы жұмыстан босатылған күнге:  
күнтізбелік есептеуде \_\_ жыл \_\_ ай \_\_ күнді,  
жеңілдікпен есептеуде \_\_ жыл \_\_ ай \_\_ күнді,  
еңбек стажы 01.01.1998 жылға \_\_ жыл \_\_ ай \_\_ күнді құрайды.

Комиссия төрағасы, лауазымы \_\_\_\_\_ ТАӘ  
( қ о л ы )

Комиссия хатшысы \_\_\_\_\_ ТАӘ  
( қ о л ы )

Комиссия \_\_\_\_\_ қорытындысымен \_\_\_\_\_ таныстым  
және келістім \_\_\_\_\_ қызметшінің \_\_\_\_\_ Т.А.Ә  
(қолы)

Прокуратура \_\_\_\_\_ органдары \_\_\_\_\_ қызметкерлерінің  
еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы  
тағайындауға қажетті қызмет өткергенін  
және ақшалай үлесінің мөлшерін  
растайтын құжаттар тізбесіне

2 қосымша

нысан

Тапсыру күні 2011 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Шығ. № \_\_\_\_\_

### **Ақшалай үлесінің мөлшері туралы анықтама**

\_\_\_\_\_ (прокуратура органының атауы)  
жұмыстан босатылған күнге ақшалай үлесі

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (лауазымы)

\_\_\_\_\_ (сыныптық шені)

\_\_\_\_\_ теңгені, оның ішінде лауазымдық жалақысы \_\_\_\_\_ теңгені, сыныптық  
шеніне төленетін үстемеақы \_\_\_\_\_ теңгені құрайтынын осымен  
к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

Ақшалай қаражат 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ дейін төленді.

Басшы \_\_\_\_\_

Т.А.Ә.

( қ о л ы )

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

Т.А.Ә.

(қолы)

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК